

Өрт қауіпсіздігі, Жол ережелерін оқып, біліп және сол ережелерді сақтауға міндетті. Оқушылар бір-бірімен достық, әдептілік, қайырымдылық қарым-қатынаста болу керек. Жаман әдеттерден аулақ болуы тиіс. Оқушылар, үлкен адамдарды сыйлауға, кішіге ізет көрсетуге оларға керек болғанда көмектесуге; мектептің, өзінің және басқаның мүлігін сақтап, ұқыптылықпен қарауға; мұғалімдердің және мектептің басқа жұмыскерлердің талаптарын орындауға міндетті.

Оқушылар бір-бірін атымен атап, үлкен адамдардың тегін атап «сіз» деп және бөтен адамдарға да «сіз» деп сөйлеседі.

Оқушылар ұстаздарға, үлкен адамдарға жол беріп; кішкентай оқушыларды алдымен жіберулері және де ұлдар қыздарға жол берулері керек.

Бір-бірімен сөйлескенде бұзақы, бейбастақ сөздерді қолданбай, тіл мәдениетін сақтап сөйлесуі керек. Күш қолдану адамның ар-намысын қорлайды, сондықтан мектепте төбелесуге қатаң түрде тыйым салынады.

Оқушыларға: сабақ кезінде мұғалімнің немесе оқу меңгерушісінің рұқсатынсыз мектептен және оның маңайынан, өз бетінше спорттық, мәдени және сыныптан тыс шаралардан кетуге болмайды; мектепте және оның маңайына жарылғыш, жанғыш, сұйық заттарды, пиротехникалық бұйымдарды, газ баллондарын, шылым мен спирттік ішімдіктерді, есеңгірететін және уландыратын және электрондық темекілерді әкеліп пайдалануға қатаң тыйым салынады.

Мектепте: оқушылардың өміріне және денсаулығына қауіпті болғандықтан, терезенің алдына мінуге, шкафтардың үстіне шығуға, баспалдақтың таянышымен сырғанақ тебуге, басқа оқушыларды итеруге; мектептегі шаруашылық бөлмелерінің есігін ашып-кіруге; электрлік шкафтарды ашуға мұғалімсіз қатысуға **ҚАТАҢ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ;**

#### **Оқушы ережесі**

1. Оқушы сабаққа келгенде қажетті кітап, дәптер, жазу-сызу құралдарымен келуі керек. Әр сабақтың алдында сол сабаққа қажетті оқу құрал – жабдықтарын дайындап қоюға тиісті.

2. Сабақ кезінде оқушы мұғалімнің айтқандарын тиянақты тыңдап, жазып отыру керек. Үй тапсырмасында мұқият тыңдап жазып алу керек.

#### **3. Мектеп оқушыларына тыйым салынады:**

Өзімен бірге сабаққа кедергі жасайтын заттарды, басылымдарды, ойын заттарын әкелуге;

ақша салып ойнайтын ойындар ойнауға;

бөтен нәрселер әкеліп сатуға, айырбастауға;

сабақта, үзіліс кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзуға;

Қыз балалар боянуға, қолайсыз киім киюге.

Оқушылар бір-бірімен достық, әдептілік, қайырымдылық қарым-қатынаста болу керек. Жаман әдеттерден аулақ болуы тиіс.

Оқушылар себепсіз сабақ босатпауы тиіс, босатқан күнде себебін мұғалімге жеткізуі керек. Сабақ уақытында ұялы телефондарын сабақ басталардан бұрын тапсырады, сабақ аяқталған соң өзіне ала алады.

Ауру себепті немесе басқа да себепті жағдайлармен сабақтан қалғанда, оқымай қалған сабақтарын мұғалімнің көмегімен оқып түсінуі қажет.